

"1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны және 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1453 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 13 мамырдағы № 371 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны және 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1453 қаулысына мынадай өзгерістер пен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі – жылжымайтын мүлікке құқықтарды, заңды тұлғаларды тіркеу, сондай-ақ әділет, азаматтық хал актілерін тіркеу органдарынан және нотариустардан шығатын өзге де ресми құжаттар бойынша;"

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық архивінен шығатын архивтік анықтамалар мен архивтік құжаттардың көшірмелері бойынша, сондай-ақ прокурор мен тергеу судьясының (сотының) санкциясын талап етпейтін қылмыстық істер және жедел-ізвестіру іс-шаралары бойынша процестік іс-қимылдарды жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша;"

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік архивтерінен шығатын архивтік анықтамалар мен архивтік құжаттардың көшірмелері бойынша;"

он бірінші және он екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі (келісу бойынша) – Қазақстан Республикасы соттарының, шетел мемлекеттері соттарының тапсырмалары, азаматтық және отбасылық істер бойынша соттардың шешімдерін тану және орындау туралы қолдаухаттар бойынша;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі (келісу бойынша) – өзінің құзыретіне қатысты құжаттар бойынша, сондай-ақ прокурор мен тергеу судьясының (сотының) санкциясын талап етпейтін қылмыстық істер және жедел-ізвестіру іс-шаралары бойынша процестік іс-қимылдарды жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша;"

он төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі – мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру мен балалардың құқықтарын қорғау салаларында, сондай-ақ өзінің құзыретіне кіретін өзге де құжаттар бойынша;"

мынадай мазмұндағы он алтыншы және он жетінші абзацтармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі – прокурордың, тергеу судьясының (сотының) санкциясын талап етпейтін қылмыстық істер бойынша процестік іс-қимылдарды жүзеге асыруға байланысты мәселелер және өзінің құзыретіне кіретін басқа да мәселелер бойынша;

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі – ғылым, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру салаларындағы құжаттар, сондай-ақ өзінің құзыретіне кіретін өзге де құжаттар бойынша.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар Конвенцияның ережелерін орындауға уәкілетті, өзінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер мен аумақтық органдардың тізбелерін белгілесін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов